

Түсті металдар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 29 қыркүйек 1994 ж. N 392-ө

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасын (Мемқойма) оған түсетін өнімдердің сапасын тексеруге қажет құнды металдардың стандарттық үлгілерімен қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына түсті металдарды өңдеу жөніндегі Екатеринбург зауытында алыс-беріс шарттары бойынша қымбат металдардың стандарттық үлгілерін жасау үшін және дайын өнімді Қазақстан Республикасына міндетті түрде қайтаратын етіп Россия Федерациясына 2601,2 грамм күміс және 699,06 грамм платина жіберуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына 2601,2 грамм күміс пен 699,06 грамм платинаны сыртқа шығаруға лицензия берсін.

Премьер-министр